

1999 жылғы 4 маусымдағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтары арқылы өтетін транзиттің тәртібі туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 мамырдағы № 320 қаулысы

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

2. Қоса беріліп отырған 1999 жылғы 4 маусымдағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтары арқылы өтетін транзиттің тәртібі туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманың жобасы мақұлданын.

3. 1999 жылғы 4 маусымдағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтары арқылы өтетін транзиттің тәртібі туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қол қойылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2019 жылғы 27 мамырдағы
№ 320 қаулысымен
мақұлданған
Жоба

1999 жылғы 4 маусымдағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтары арқылы өтетін транзиттің тәртібі туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттама

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, 1999 жылғы 4 маусымдағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтары арқылы өтетін транзиттің тәртібі туралы келісімге (бұдан әрі – Келісім) қатысушы мемлекеттердің үкіметтері Келісімнің 10-бабына сәйкес

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Келісімге мынадай өзгерістер енгізілсін:

1. Кіріспенің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын: "1993 жылғы 24 қыркүйектегі Экономикалық одақ құру туралы шарттың, 1995 жылғы 10 ақпандағы Достастық мемлекеттері Басшылары кеңесінің шешімімен қабылданған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің кеден заңнамалары негіздерінің

, Еркін сауда аймағын құру туралы 1994 жылғы 15 сәуірдегі келісімнің және 1999 жылғы 2 сәуірдегі Оған өзгерістер мен толықтырулар туралы хаттаманың, 1994 жылғы 15 сәуірдегі Кеден істеріндегі ынтымақтастық және өзара көмек туралы келісімнің және 2011 жылғы 18 қазандағы Еркін сауда аймағы туралы шарттың ережелерін басшылыққа ала отырып".

2. 3-баптың бесінші абзацындағы "Аталған" деген сөз "Осы Келісімнің 4-бабында белгіленген жағдайларды қоспағанда, аталған" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. 7-баптың "б" тармағындағы "хабарлауды" деген сөз "хабарлауды тапсырады." деген сөздермен ауыстырылып, "в" тармағы алып тасталсын.

2-бап

Осы Хаттама оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы үшінші хабарламаны депозитарий алған күннен бастап күшіне енеді.

Мемлекетішілік рәсімдерді кешірек орындаған Тараптар үшін осы Хаттама тиісті құжаттар депозитарийге тапсырылған күннен бастап күшіне енеді.

2019 жылғы "___" _____ қаласында бір төлнұсқа данада орыс тілінде жасалды. Төлнұсқа данасы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады, ол осы Хаттамаға қол қойған әрбір мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

*Әзербайжан Республикасының
Үкіметі үшін*

*Ресей Федерацияс
Үкіметі үшін*

*Армения Республикасының
Үкіметі үшін*

Тәжікстан Респуб.

*Беларусь Республикасының
Үкіметі үшін*

Түрікменстан Үкіі

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

Өзбекстан Респуб.

*Қырғыз Республикасының
Үкіметі үшін*

*Молдова Республикасының
Үкіметі үшін*

Украина Үкіметі ү